## №1 хаттама

Бракераждық комиссиясының отырысы: 02.09.2022ж.
Комиссия мүшелерінің барлығы - 7
1. Какимова Г.Е. – комиссия төрайымы, мектеп директоры
2. Ахметова Г.Ш. – комиссия мүшесі, ДТІЖО
3. Ескендирова А. А. - комиссия мүшесі, шағын орталықтың тәрбиешісі
4. Кусаинов Б. М. - комиссия мүшесі, мектеп шаруашылық меңгерушісі
5. Даирбекова А. С. - комиссия мүшесі, медбике
6. Балжарикова Д.Т. - комиссия мүшесі, ата–аналар комитетінің төрайымы
7. Алшинова А.С - комиссия мүшесі, ата-ана
Қатысқандар - 7

Күн тәртібі.

1. Бракераждық комиссия құру туралы. Мектеп асханасын жалға беру туралы.
2. Кесте бойынша мектеп асханасының тамақтануын ұйымдастыру, тегін тамақтану, тамақтану сапасы.

1. Тыңдалды: Г. Е. Какимова (мектеп директоры)
1.1 Қаралған мәселенің атауы: Бракераждық комиссия құру туралы. Мектеп асханасын жалға беру туралы.
Гульдана Ертаевна қатысушыларды бракераж комиссиясын құру туралы бұйрықпен, сондай-ақ комиссия алдына қойылған міндеттермен таныстырды: мектеп оқушыларының сапалы тамақтануын қамтамасыз ету, ас блогының жұмысын бақылауды жүзеге асыру.
Бракераждық комиссияның өкілеттіктеріне толығырақ тоқталды. Бракераждық комиссия:
- тамақ өнімдерін тасымалдау, жеткізу және түсіру кезінде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- тамақ өнімдерін сақтауға арналған қойма және басқа да үй-жайлардың жарамдылығын, сондай-ақ оларды сақтау ережелері мен шарттарының сақталуын тексереді;
- күн сайын мәзір-жаймалардың дұрыс құрылуын қадағалайды;
- ас блогындағы жұмысты ұйымдастыруды бақылайды;
- тамақ өнімдерін сату мерзімін және тамақ дайындау сапасын бақылауды жүзеге асырады;
- тағамның балалардың физиологиялық қажеттіліктеріне және негізгі тағамдық заттарға сәйкестігін тексереді;
- ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалайды және бақылайды;
- қазандыққа өнімдердің толық салынуын бақылайды, тағамның шығуын тексереді;
- дайын тамақты органолептикалық бағалауды жүргізеді, яғни оның түсі мен иісін, дәмін, консистенциясын, қаттылығын, шырынын және т. б. анықтау.;
- дайындалған тамақтану көлемінің сатылған порция көлеміне және балалар санына сәйкестігін тексереді;
-тамақтан уланудың және асқазан - ішек ауруларының алдын алады; - тамақ бракеражы дайындалған партияны жіберу басталғанға дейін 30 минут бұрын жүргізіледі; - бракераж жүргізу кезінде Комиссия мүшелері жартылай фабрикаттарға, дайын тағамдар мен аспаздық өнімдерге қойылатын талаптарды басшылыққа алады.
- дайын тамақты беруді сынаманы алғаннан кейін және дайын тамақты бағалау нәтижелерін бракераж журналына жазғаннан кейін және оларды беруге рұқсат етілгеннен кейін ғана жүргізу керек; - тамақты дайындау технологиясы бұзылған жағдайда комиссия оқушыларға тамақты беруге тыйым салуға, оларды пысықтауға немесе қайта өңдеуге, ал қажет болған жағдайда санитарлық - тамақ зертханасына зерттеуге жіберуге міндетті.;
- бракераж жүргізу үшін ас блогында таразы, тамақ термометрі, аспаптарды шаю үшін қайнаған қайнаған шәйнек, екі қасық, шанышқы, пышақ, артқы жағында салмағы көрсетілген тәрелке (1 порция да, 10 порция да сиятын), сызғыш болуы қажет.;
- порциялық екінші тағамдарды тексеруді (котлеттер, тефтелдер және т.б.) порцияның орташа

массасының біркелкі таралуын орната отырып, жеке бес порцияны өлшеу, сондай-ақ 10 порция (бұйымдар) массасын белгілеу жолымен жүргізеді, ол тиісті мөлшерден кем болмауы тиіс (шығу нормасынан +3% ауытқуларға жол беріледі).
- бракераж журналы нөмірленуі, тігілуі және мөрмен бекітілуі тиіс; бракераж журналы асхана меңгерушісінде сақталады;
- бракераж журналында тағамның сыртқы түрі, түсі, иісі, дәмі, консистенциясы, қаттылығы, шырындығы сияқты көрсеткіштерге назар аудара отырып, жалпы рационға емес, әр тағамның сынамасының нәтижелері белгіленеді, тамақтың органолептикалық бағасын жүргізетін тұлғалар осы талдау жүргізу әдістемесімен танысуы тиіс; - тағамның сапасына бракераж комиссиясының төрағасы, тағам дайындайтын асхана меңгерушісі және аспазшы жауапты болады.
Биылғы оқу жылында мектеп асханасы жалға берілетін болады. Аудандық деңгейде конкурс ойнатылады және жалға алушы анықталады. Сондықтан бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатын болады.
1.2 Сөйледі:  Даирбекова А.С. (мектеп медбикесі)
Биыл бізде мектепте 20 оқушы ыстық тамақпен қамтылатын болады. Сондықтан қажетті құжаттарыңызды тапсыра беріңіздер.
1.3 Қаулы: Бракераж комиссиясының қызметін ұйымдастыру және 2021-2022 оқу жылына бракераж комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.
2. Тыңдалды:  Ахметова Г.Ш.  (ДТІЖО)
2.1 Қаралған мәселенің атауы: Кесте бойынша мектеп асханасының тамақтануын ұйымдастыру, тегін тамақтану, тамақтану сапасы. Гульжазира Шаймерденовна асхананың жұмыс істеу уақыты мен оқушылардың тамақтану кестесімен таныстырды. Сонымен қатар оқушылардың тамақтануы кезінде жауапты мұғалімдер кестесін көрсетіп өтті. Тамақтың сапасы бракеражды комиссия мүшелері жылдық жұмыс жоспары бойынша бақылап отырады.
2.2 Сөйледі: Алшынова А.К. (ата–аналар комитетінің төрайымы)
Бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен бұрыннан бері қамтылып жүр. Тамақтың сапасын үнемі жақсы болатынын білеміз. Аспазшы да тамақты жақсы дайындайды. Бракеражды комиссия мүшелері үнемі бақылау жасап, қадағалайтын боламыз.
2.3 Қаулы: Бракеражды комиссия мүшелерінің жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыс жасауын қадағалау.

Бракераж комиссиясының төрайымы: / Г.Е.Какимова/
Бракераждық комиссия мүшелері: /Г.Ш.Ахметова/
/А. А. Ескендирова /
/Б. М. Құсаинов/
/А. С. Даирбекова/
/Д.Т.Балжарикова/
/А.С.Алшинова /

Актімен таныстым: ____________________________ аспазшы /Булкендикова С. А./